

**«Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК комплаенс қызметінің музей қызметкерлеріне арналған құқықтық сағат
ХАТТАМАСЫ**

Ақтөбе қаласы

15 қыркүйек 2023 жыл

Төрағалық етуші: М.Е.Кулмуханов- комплаенс қызметінің жетекшісі

Қатысқандар: музей қызметкерлері

Хатшы: Г.Дакешова

Күн тәртібінде:

15.09.2023 жылы бекітілген «Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК қызметкерлерінің корпоративтік әдеп және мінез құлық кодексінің талаптары.

Төрағалық етуші: Музей директоры М.Дүйсенғалидің 15.09.2023 жылы бекіткен «Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК қызметкерлерінің корпоративтік әдеп және мінез құлық кодексі» талаптарымен танысып алдағы уақытта басшылыққа алатын құжаттың бірі ретінде қарауыңызды сұраймын. Жалпы талаптары мынадай:

- ҚР Еңбек Кодексіне сүйене отырып жасақталған. Кодекс кәсіпорынның ішкі актісі болып табылады және Қазақстан Республикасының азаматтық қызметшілері басшылыққа алатын қызмет әдебінің жалпы қағидаттары мен нормаларының жиынтығынан тұрады. Кодекс ережелерін қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіптік қызметі мен еңбек тәртібін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

Осы Кодекстегі әдеп нормалары мен талаптары барлық музей қызметкерлері үшін міндетті болып табылады, олар қатаң сақталуға тиіс. Музейге жаңа қабылданған қызметкер үш жұмыс күні ішінде осы Кодекстің мәтінімен жазбаша нысанда танысуға тиіс. Танысу парағы ұйымның кадр қызметі жүргізетін қызметкердің жеке іс парағында сақталады.

Төрағалық етуші кодекстің мазмұнымен қызметкерлерді толық таныстырып, барлық бөлімдерге бір бір данадан көшірмесін беруге кадр инспекторына тапсырды.

Сұрақтар мен ұсыныстар түскен жоқ.

Төрағалық етуші:

Хатшы:



М.Е.Кулмуханов

Г. Дакешова